

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 826 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметі, сондай-ақ спорттағы жоғары жетістіктері үшін мыналарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы берілсін:

"Эстрада" номинациясы бойынша		
Әлмәдиев Әлібек Бекболатұлы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Роза Бағланова атындағы "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әртісі
Байдүкенова Рухия Еділқызы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің студенті
"Классикалық музыка" номинациясы бойынша		
Әбілда Алтынбек Еркінбайұлы	-	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мемлекеттік академиялық филармония" республикалық мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әртісі
Мартынова Анастасия Владимировна	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әртісі
"Халық шығармашылығы" номинациясы бойынша		
Елеусіз Ардақ Тимурұлы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Роза Бағланова атындағы "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының солисі

"Temirlan-Yernat" домбырашылар дуэті Олжабай Темірлан Мақсатұлы Наурыз Ернат Нұрбергенұлы		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Роза Бағланова атындағы "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әртістері
"Әдебиет" номинациясы бойынша		
Сәрсенхан Батырхан Бөріханұлы	-	"Қазақстан жазушылар одағы" республикалық қоғамдық бірлестігінің "Қазақ әдебиеті" газетінің бөлім меңгерушісі
Ахмер Біржан Ермекұлы	-	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 38 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі
"Театр және кино" номинациясы бойынша		
Танабаева Ақмарал Нұрайқызы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әртісі
Қанатқызы Риза	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Астана Балет" театры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің балет солисі
"Спорт" номинациясы бойынша		
Сметов Елдос Бактыбайұлы	-	қазақстандық дзюдошы, Рио-де-Жанейродағы 2016 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, Токиодағы 2020 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері
Сон Игорь Сергеевич	-	қазақстандық ауыр атлетші, Паттайядағы 2016 жылғы ауыр атлетикадан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Токиодағы 2020 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері
"Дизайн және бейнелеу өнері" номинациясы бойынша		
Бекболатов Атабек Әлібекұлы	-	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының студенті
"Журналистика" номинациясы бойынша		

Кеңшілік Ғалымжан Бауыржанұлы	-	"Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамының "Таңшолпан" және "Егіз лебіз" бағдарламаларының жүргізушісі
Тұлжан Ақбөбек Нұрбаулықызы	-	"Хабар агенттігі" акционерлік қоғамының қызметкері
"Қоғамдық қызмет" номинациясы бойынша		
Сансызбайұлы Балмейір	-	"Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы
Бахретдинов Уәлихан Қабимоллаұлы	-	"Ұлан-ғайыр дала елі" қоғамдық бірлестігінің директоры
"Ғылым" номинациясы бойынша		
Есіркегенов Нұрғиса Аманкелдіұлы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Математика және математикалық модельдеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ғылыми қызметкері
Назаров Қуаныш Мейірғазыұлы	-	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Ядролық физика институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ғылыми қызметкері

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының 2021 жылға арналған мөлшері әр номинация бойынша 600000 (алты жүз мың) теңге сомасында белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин